Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOĆAI AJARY

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№34 (7923)
Жұма
18 тамыз
2023 жыл



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

## Президент пәрмені елімізді дамытуға арналады

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауында Жаңа Қазақстанды қалыптастыру бағытында ауқымды міндеттер жүктеді.

«Жаңа Қазақстан қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап бермес бұрын, еліміздің осы кезге дейінгі даму тарихына көз тастаған дұрыс. Әрбір саланың өкілі «Еліміз қарқынды даму үшін нені өзгерте аламын?» деген сауалды өзіне қойғаны жөн. Әсіресе, тәуелсіз елде туып-өскен жастарға артылатын сенім мол.

Халық – қоғамның негізгі аспектісі. Елдің дамуын жоғарылататын да немесе тежейтін де – халық. Қазақстан азаматтарының арқасында ғана «Жаңа Қазақстанды» құра аламыз. Ешкім бізге сара жол салып бермейді, өзіміз талпынуымыз қажет. Ешқандай дүниеден тыс қалмай, қоғамдық-рухани, әлеуметтік-экономикалық өмірге белсене араласу қажет. Яғни, ашық қоғам орнату арқылы азаматтық қоғамға аяқ басамыз. Белсенділік деген ұғымды қате түсінбеу керек. Көшеге шығып дау-жанжал шығару емес. Нақты іспен дәлелденуі керек. Сондай-ақ, экономика саласындағы реформалар жүйелі болса, қазақстандықтардың әл-ауқаты жақсы болар еді. Мемлекет басшысы Жолдауында айтып өткендей, көптеген реформалар өзінің мақсатына жете алған жоқ. Өйткені, жүзеге асатын мәселелер қарастырылмаған. Елде жаңа өзгеріс болуы үшін халықтың психологиясы өзгеруі керек. Ал, «Жаңа Қазақстанды» құру жастардың қолында екенін айта кеткен жөн. Сондықтан, жастарға қолдау көрсетіліп, белсенді болуына мүмкіндік жасалуы қажет. Мұның барлығы жүзеге асуы үшін формальді болмауы өте маңызды.

«Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын. Ең бастысы, еліміздің егемендігі. Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес. Сондықтан, маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ. Мені ең алдымен, халқымның болашағы қандай болатыны толғандырады. Қызметіме түрлі адамдардың беретін бағасынан гөрі мемлекетімізді қорғап қалу мен үшін аса маңызды» – деген президент осы жолда жауапкершілікті мойнына алуға дайын екенін жеткізіп, жаңа Қазақстанды бірге өркендетуге шақырды.

Осы кезге дейін елдің руханиятынан гөрі экономикалық жағдайына ерекше мән берілгені рас. Көп жастың тілге, салт-дәстүрге, ұлттық менталитетке немқұрайлы қарайтыны да сондықтан. Ендігі кезекте ұлттық идеологияға ерекше мән беру керек. Сонда елге жанашыр, рухы биік, әділетті адамдар көп болады деген сенім мол.

Президент Жолдауы дүйім жұрттың көкейіндегі тұралап қалған түйткілді сауалдарға жауап тапты. Жолдауда: «Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты», – деп ағынан жарылуы біздің әрбірімізге рух беріп, жігерлендіре түсетіні сөзсіз.

Халықтың табысын арттырып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған осынау аса маңызды құжатта көрсетілген міндеттерді бүкіл қоғам болып орындайтын болсақ, жеңілмесіміз анық.

**М.Қанатбекқызы,**
**Шабанбай би мобильді ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

*Мереке шуағы*

## Жастар – елдің болашағы

«Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті халыққа арнаған Жолдауында. Сонымен қатар, ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстанды» құруда жастардың да үлесі зор екенін айтқан болатын.

Еліміздегі жастардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына жәрдемдесетін және жастар ұйымдарының қызметіне қолдау көрсететін ұйым – Жастар ресурстық орталығы. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі жастар саясатын қолдап, жас өскіннің қолтығынан демеу білдіріп, қолдайтын аталмыш қоғамдық ұйым президент



пәрменіне сай жүйелі түрде өз жұмысын жүзеге асырып келеді. Жастар ресурстық орталығының ұйытқы болуымен еліміздегі қаншама жас кәсіпкер жергілікті әкімдіктің грантына ілігіп, тасын өрге домалатса, тағы бір буын жастар қауымы салауатты өмір салтын ұстанып жүр. Біздің өңірдегі Жастар ресурстық орталығының іргесі қаланғанына да аттай 15 жыл толып отыр. Осынау жыл ішінде бұл ұйымның шарапатын көрген жастар қауымы аз емес. Жеткен жетістік те бір төбе.

Тамыздың 15-і күні аудан орталығында Халықаралық жастар күні мен Спорт күні аталып өтті. Қос бірдей мерекенің жоғары дәрежеде өтуіне үлкен үлес қосып, ұйытқы болған – ауданның ішкі саясат бөлімі. Аталмыш іс-шара аудан орталығындағы ірі нысандардың бірі – Ж.Шайдаров атындағы саябақта болып өтті. Көптен бері бірінші мәрте ұйымдастырылып жатқан ауқымды концерттік бағдарламаны өңіріміздің түкпір-түкпірінен келіп тамашалаған халықтың қарасы қалың болды. Екінті мезгілінде саябақтың төрінен орын тепкен сахнада шымылдығы түрілген шарада бірінші кезекте аудан әкімі Р.Кенжебеков мінберге көтеріліп, қатар келген қос мейраммен құттықтап, жастар қауымына игілік тіледі. Сондай-ақ, бір қауым аудан азаматтарын марапаттап, мерейін асырды. Атап айтар болсақ, әркез жастар ісінде және спорт саласында табандылығымен әрі еңбекқорлығымен көзге түсіп жүрген жастар облыс, аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, осыдан бір ай ілгеріде аймақ спортшыларының басын бір ортада тоғыстырған облыстық спорттық сайыста ауданымыздың намысын арқалап барып, жеңімпаз атанған спортшыларға арнайы сый-сияпаттар тарту етті. Сөз соңында Р.Айтикенұлы өзінің бизнес-жоспарының негізінде кәсіп ашып, өзін-өзі жұмыспен қамтуға ниетті жас кәсіпкерлерге аудан әкімінің грантын табыстады. Осындай салтанатты шарадан кейін мерекелік іс-шара әрі қарай концерттік бағдарламаға ұласты. Аталмыш жиынға облыс орталығынан арнайы келген "Арман" эстрадалық ансамблі мен аудан өнерпаздары ән-жырдан шашу шашып, жиналған жұртшылыққа мерекелік көңіл-күй сыйлады.

**Е.АЙТЖАН.**

*Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

# Ауыл тынысы – әкім есебінде

Билік бұқараға барынша жақын болуы керек. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты негізі. Осыны басшылыққа алған Президент «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жаңа Жолдауында бұған айрықша тоқталды.

Халқымыз «Әкім бол, халқыңа жақын бол» дейді. Мұның астарында елдің жүгін көтеріп жүрген әкімнің елдік мүдде жолында халықпен етене байланыс



орнату керектігі бар. Президент Жарлығына сәйкес, облыс және қала әкімдері жылына екі мәрте, ал аудан, ауыл әкімдері тоқсан сайын жұртшылықпен жүздесулері тиіс. Осы орайда аудан әкімі Руслан Кенжебеков 2023 жылдың 3-тоқсанындағы қорытындылары мен алдағы міндеттер туралы есептік кездесуін бастады.

Ақтоғай ауданында жыл көлемінде атқарылатын жұмыстар мен қолға алынатын жобалар көлемі ауқымды. Бұл жөнінде аудан әкімі Руслан Кенжебеков бекітілген кестеге сай, үшінші тоқсанның алғашқы кездесуі – **Ортадересін ауылдық округіне қарасты Ақжайдақ станциясы** тұрғындарымен өткен жүздесуде баяндады.

Аудан әкімі Руслан Айтыкенұлы жыл басынан бері аудан тұрғындарымен кездесіп, олардың өтініштерін, ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, жұмыс жоспарын түзген болатын. Әр округтегі шешімін күткен мәселелер тізбегі негізінде дайындалған іс-шара жоспарының атқарылу барысымен таныстыруға арналған кездесуге округ халқы, мекеме, бөлім басшылары қатысты. Өңір басшысы жыл басынан бері кездесуде тұрғындар көтерген мәселелердің орындалу барысымен таныстырды.

Президент Жолдауында ауыл шаруашылығын дамыту негізгі проблемалардың бірі екенін атап көрсетіп, осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін еске салды. «Бұл – стратегиялық міндет», – деді. Өндіріс қанша дамып жатса да, ауылдағы ағайын малдан қол үзген емес. Ортадересін ауылдық округіне қарасты 73 шаруа қожалығы, 2 ЖШС еңбек етсе, ауылшаруашылық есепке алу журналындағы мәлімет бойынша мүйізді ірі қара 5361 басқа жеткен. Ұсақ мал 7022 басқа, жылқы 2127-ге жетсе, 270 бас түйе тіркелген. Ауылдық округте 3 азық-түлік дүкені тіркелсе, балық шаруашылығы бойынша 7 айдағы өнім өндіру көрсеткіші бойынша «Әділет» шаруа қожалығы 67673 кг, «Оргкомитет МЖК» ЖШС 59996 кг мұздатылған балық өткізген. «Алтыналмас» АҚ компаниясының демеушілігімен Ортадересін ауылына шағын футбол алаңы салынып, Ақжайдақ станциясының Достық көшесіне көше жарығы орнатылады. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын бағамдаған сұрақ-жауап форматындағы кездесуде ақжайдақтық тұрғындар электр жарығы, қысқы мал азығы, сапалы көмір жеткізілсе деген ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Бұл күнгі есептік кездесу **Шашубай** елді мекенінде



жалғасты. Аудан әкімі кент тұрғындары алдында жыл ішінде атқарылған жұмыстар мен міндеттерді баяндады. Жиында аймақ басшысы білім, денсаулық, мәдениет және спорт салаларында тындырылған істерді баяндап, әлеуметтік қолдау мен жұмыспен қамту бағытында жасалған жұмыстардан да хабардар етті.

Мұнан соң тұрғындар орайы келгенде кәріз жүйесі, су, тұрғын үй кезегі, дәрі-дәрмек алу, ауыл ішін абаттандыру сынды өздерінің көкейде жүрген түйінді түйткілді мәселелерін жеткізді.

Есептік кездесуді қорытындылаған аудан әкімі ауыл халқының талап-тілектерін тыңдап, жұртшылықпен жеке қабылдау өткізді.

Үстіміздегі жылдың 3 тоқсанын қорытындылаған есептік кездесу 17 тамыз күні



**Сарышаған** кентінде жалғасты. Аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы межелі міндеттер жайын баяндаған аудан әкімі ақпарынан соң кент тұрғындары көкейдегі сұрақтарын қойды. Кент халқын толғандырған негізгі мәселелер қатарында көпқабатты тұрғын үйге келетін су қысымының жаз маусымында азайып кететіндігі, көпқабатты





тұрғын үйге тиесілі жерлердің жекешеленіп кеткендігі айтылды. Тұрғындар көтерген келесі мәселе – кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің көлік құралдарын тізгіндеуі, ірі қара малының сырғасы төңірегінде өрбіді. Аудан әкімі тұрғындардың ой-пікірін соңына дейін тыңдап, түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға тырысты. Сәйкесінше, аудан басшысы айтылған мәселелер алдағы уақытта қаралып, жұмыс жоспарына енгізетінін айтты.

Жалпы, 2023 жылы кенттегі Ынтымақ көшесіне балалар ойын алаңы орнатылып, кенттің 5 көшесі 10 балалар ойын алаңдарымен жабдықталып отыр. Абай көшесі №10, 14, 15, 22, Мектеп көшесі №17 үйдің шатырларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру бағдарламасы бойынша Энергетик және Теміржол көшелеріне жалпы 86 көше жарығы орнатылған.

Ал, **Тасарал** ауылында өткен есептік кездесуде тұрғындар ауыз су жинауға арналған мұнараны қаптау, Ағыбай көшесіне асфальт төселіп, көше жарықтарын орнату, жайылымдық жердің тапшылығы туралы мәселе көтерді. Сондай-ақ, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған жеңілдетілген пайызбен берілетін несие, мектепті жас мамандармен қамту сөз болды. Аудан басшысы Р.Айтыкенұлы ауданның 2023 жылдың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері және алдағы жоспарлар мен өткен реформаларды жүзеге асыру мақсатындағы міндеттер мен негізгі бағыттар туралы сөз қозғады.

Кездесу барысында өңір басшысына тұрғындар тарапынан сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді.

**Думан ҚАБЫЛ.**

## Ақпараттық хабарлама

*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер назарына!*

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауына қатысатын үміткерлерге «AQTOĞAI AJARY» газетінің бетінде баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары жайлы ақпарат.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарының, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 қазандағы №439 Жарлығына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары сайлау комиссияларының ақпараттық материалдарын орналастыру үшін және тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға сайлауалды бағдарламаларын, өмірбаянын жариялау үшін шарттық негізде баспа алаңын ұсынады. «AQTOĞAI AJARY» газетінде баспа алаңының 1 шаршы сантиметр құны 250 теңгені құрайтынын хабарлайды. Газет алаңында материалдар беру үміткерлер газет редакциясымен жасалынған жазбаша шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер сайлау алдындағы үгітті қамтитын материалдарда қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз.

**«AQTOĞAI AJARY» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы.**

## 2023 жылғы 17 қыркүйекке тағайындалған Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылы, Жидебай, Қызыларай, Кежек ауылдық округтері бойынша әкімдердің сайлауын ұйымдастыру және өткізу бойынша Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының құрамы мен орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

**Орналасқан жері:** 100200, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 10Г.

**Байланыс телефондары:** 8 (71037) 2-11-67.

**Төраға** – Райымбеков Жанболат Жанатбекулы.

**Төрағаның орынбасары** – Каримхан Куанышбек Окенулы.

**Хатшы** – Садуакасова Меруерт Дартайкызы.

**Комиссия мүшелері** – Сейлханов Носергали Сейдыгалиулы, Сейсенбаева Асем Сайлаубековна, Едебекова Гульнур Казтайкызы, Сейсекеева Мейрамгуль Сергейкызы.

**Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.**

---

## 2023 жылғы 17 қыркүйекке тағайындалған Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылы, Жидебай, Қызыларай, Кежек ауылдық округтері бойынша әкімдердің сайлауын өткізу жөніндегі сайлау учаскелерінің шекаралары туралы ХАБАРЛАМА

### № 448 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 2. Мәдениет үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтоғай ауылы бойынша Ә.Бөкейхан көшесіндегі № 6, 14, 16, 18, 22, 22А, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 38А, 39, 40, 41, 41/2, 42, 43, 44, 45, 46, 47 үйлер, Еркін ел көшесіндегі № 1, 2, 3, 12, 34 үйлер, Н.Әбдіров көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 10, 12, 15, 18, 19, 20, 21, 23, 24, 25 үйлер, Қ.Сәтбаев көшесіндегі № 1, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 13Б, 14, 15, 15Б, 16, 17, 19, 21, 21А, 22, 22А, 23, 24, 25, 27, 29, 30, 31, 33, 35 үйлер, Ж.Ақбай көшесіндегі № 1А, 2, 2А, 3, 4, 6, 8, 8Б, 9, 10, 10Г, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 30А, 32, 33, 41, 45 үйлер, Шәкәрім көшесіндегі № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 6, 6А, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 үйлер, С.Ибраев көшесіндегі № 1, 1А, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 39, 40 үйлер, У.Жәнібеков көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 24, 26, 27 үйлер, Кеңішбай көшесіндегі № 4, 4А, 7, 8, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 25, 26, 27, 28, 32, 33, 35 үйлер, Жосалы ықшам ауданындағы № 1, 2, 3, 4, 4А, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15Д, 16, 16А, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 32, 33 үйлер және Аэропорт.

### № 449 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесі, 12. Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық).

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтоғай ауылы бойынша Қ.Нұржанов көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 5А, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 10А, 11, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 26, 27, 30, 31, 32, 33, 35, 38, 39, 40, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51 52, 53 үйлер, Ә.Ермеков көшесіндегі № 1, 2, 2А, 4, 5, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 14/3, 15, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 32, 32А, 35, 36, 38, 38/3, 38А, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 47, 48, 50 үйлер, М.Ержанов көшесіндегі № 1, 3, 4, 6/1, 7, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 18А, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 27А, 29, 30, 31, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 50, 51 үйлер, К.Байсейітова көшесіндегі № 1, 4, 5, 5А, 5Б, 6, 7, 8, 8/2, 9, 10, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39А, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47А, 48, 49, 50 үйлер, Абай көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 43А, 44, 45, 46, 48, 49, 50, 51, 52, 67, 69 үйлер және Қоза.

### № 450 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесі, 6. Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтоғай ауылы бойынша Нарманбет көшесіндегі № 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 9А, 10А, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 19А, 20, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 33, 34, 35, 36, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 45А, 46, 47, 48 үйлер, С.Оразалин көшесіндегі № 1, 2, 2/1, 3, 4, 5, 5/1, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13/1, 13/2, 14А, 15, 16, 17, 18, 18А, 19, 19/2, 20, 21, 22, 23, 24, 24/2, 25, 25/1, 26, 26/2, 27, 27А, 27Б, 28, 29, 30, 31, 33, 38, 39, 40, 46/1, 46/2, 47, 60 үйлер, Ә.Найманбаев көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 8Б, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 15Г, 16, 17, 18, 18А, 18Б, 19, 20, 21, 21А, 22, 23, 25, 27, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 40, 41, 42, 43, 43А, 44, 49, 52, 867 үйлер, Тоқырауын көшесіндегі № 1, 2, 3, 6, 7, 9А, 10, 11, 11А, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 50, 51, 53, 54, 55, 56, 56А, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 65, 65А үйлер, Сана би көшесіндегі № 1, 1/2, 1А, 1Б, 2, 2/1, 2А, 2Б, 3, 3А, 4, 4/2, 5, 5А, 6, 6А, 7, 7А, 8, 8А, 8Б, 9, 9А, 10, 11, 12А, 12Б, 13, 13А, 13Б, 14, 15, 16, 17, 20, 33 үйлер, М.Шорин көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 11А, 12, 13, 36 үйлер, Жидебай көшесіндегі № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 5/2, 5А, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17А, 18, 19, 19А, 20, 21, 22, 23, 23А, 24, 25, 25А, 26, 26А, 27, 28, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40А, 42, 43, 43А, 44, 47, 48 үйлер, Подхоз, Егіндібұлақ қосалқы шаруашылықтары және Ақсай қыстағы.

### № 451 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Жастар көшесі, 5Б. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Сәуле ауылы бойынша Достық көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 21, 24, 25, 27, 27Б, 28, 29, 30/2, 31, 31/2, 32, 32/1, 33, 35 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35 үйлер, Тоқырауын көшесіндегі № 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18 үйлер, Тәуелсіздік көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 10, 13, 14, 15, 17, 18, 21, 22 үйлер, Жастар көшесіндегі № 8, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20 үйлер, Қоңырат көшесіндегі № 1, 2, 3, 5, 7, 8/2, 8А, 9, 10, 12, 14, 15/1, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 27, 28, 29/1 үйлер, Ақтоғай ауданының 80 жылдығы көшесіндегі № 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 24 үйлер, Республика көшесіндегі № 1, 2, 4, 7 үйлер және Қырғыз қыстағы.

### № 452 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылы, Бәйтерек көшесі, 61. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Үшарал ауылы бойынша Бәйтерек көшесіндегі № 1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27А, 28, 29, 30, 30/1, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39/1, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47А, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56/2, 57, 58 үйлер және Көрпетай, Үшарал, Күнгей, Жалаңаш, Жиенбай, Нүркей, Нұртай, Дөңгелек ағаш, Қараағаш қыстақтары.

### № 453 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Қарақой ауылы, Ғарышкерлер көшесі, 7. Қарақой бастауыш мектебі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Қарақой ауылы бойынша Ғарышкерлер көшесіндегі № 1, 2, 4, 5, 6, 7/2, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 үйлер және Айқай, Склад, Мұхаметжан, Тінәлі қыстақтары.

№ 454 сайлау учаскесі: Сайлау учаскесінің орталығы – Жидебай ауылдық округі, Жалаңаш ауылы, Астана көшесі, 22А. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Жалаңаш ауылы бойынша Астана көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 24, 25, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 39, 40, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 48 үйлер және Теке, Сарыарқа, Қашқынбай, Ақбұлақ, Жанкел қыстақтары.

**(Жалғасы 4-бетте).**




## *Елімізде Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу басталуда*

Мемлекеттік басқару жүйесі үшін талантты жастарды анықтау және тарту мақсатында Президенттік жастар кадр резервіне кезекті үшінші іріктеу жоспарлануда.

Іріктеуге өтінімдерді қабылдау 1 қыркүйектен бастап pkrezerv.gov.kz сайтында қолжетімді болады. Өтінімдер 30 қыркүйекке дейін қабылданады.

Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, қазақ тілін меңгерген (B1 деңгейінен төмен емес) Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Биыл іріктеу келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

• Инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;
• Агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау;
• Сыртқы саясат және инвестициялар;
• Экономикалық және қаржылық саясат;
• Цифрландыру;
• Әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам.

Іріктеу 6 кезең бойынша өткізіледі:

– Құжаттарды қабылдау;
– Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау;
– Ситуациялық тапсырмаларды шешу;
– Құзыреттерді бағалау (Assessment center және HR-сұхбат);
– Сарапшылық комиссияда әңгімелесу;
– Ұлттық комиссия отырысы.

Іріктеу қорытындысы бойынша 50 кандидат резервке алынады. Жеңімпаздар ағымдағы жылғы желтоқсанда жарияланады.

**(Соңы. Басы 3-бетте).**

**№ 459 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы – Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, У.Жәнібеков көшесі, 11. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақжарық ауылы бойынша Сеңкібай би көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6/1, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46 үйлер, С.Оразалин көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлер, У.Жәнібеков көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17/1, 18, 19, 19/1, 19/2, 20, 21, 23, 24/1, 24/2, 25/1, 25/2, 26, 30 үйлер, Егемен Қазақстан көшесіндегі № 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлер, Ақтоғай ауданына 50 жыл көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 50, 52 және Қостанқол, Нығыман, Ордабек, Деңгелбай, Көкше, Жазбек, Әмірхан, Қаратұмсық, Стандарт, Сүлеймен, Қарасиыр, Кәргөң, Үрпек, Алтуайт, Керімбай, Өтей, Алшынбек, Қыдырәлі, Жүнісбек, Ысқақ, Тұрсынбай, Дәмбай, Ақбүйрат, Бек, Күлмаған, Ермекбай, Лиман, Жанабай-Мекебай, Оңбай, Қарақойтас, Сатай, Кеңасу, Саржал, Ақбұлақ, Шабан, Көлденең, Домай, Ақбиік қыстақтары.

**№ 471 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орталығы – Кежек ауылдық округі, Ақши ауылы, Бейбітшілік көшесі, 11Б. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақши ауылы бойынша Нұра көшесіндегі № 1, 1/1, 2, 3, 3/1, 5, 5/1, 6, 6А, 8, 9, 10, 11, 15, 16 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 2/1, 3/1, 4, 4/1, 5, 6, 7, 7/1, 7/2, 8, 8/1, 9, 9/1, 9/2, 10, 11, 12/1, 14, 15, 17, 18 үйлер, Сарыарқа көшесіндегі № 1, 1/1, 2, 3, 4, 4/1, 5/1, 6/1, 6/2, 7/1, 8, 8/1, 9/1, 10, 10/2, 11, 11/1, 12 үйлер және Сарыөзек, Саяхат, Оралбай, Шөмшек, Қарашың, Алмалы қыстақтары.

## 2023 жылғы 17 қыркүйекке тағайындалған Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылы, Жидебай, Қызыларай, Кежек ауылдық округтері бойынша әкімдердің сайлауын ұйымдастыру және өткізу бойынша учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

**Сайлау учаскесі: №448**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Иманбекова Амангуль, төраға орынбасары – Нұрмағанбетов Хасен Манатұлы, хатшы – Тусупбаева Жанар Сагынганкызы, комиссия мүшелері – Байхатова Гульжазира Тайкеновна, Толеужанов Наурызбай Толеужанулы, Сейфуллина Анар Амангельдиновна, Тажина Алмагаш Сайлаубековна.

Сайлау учаскесінің орталығы: Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 2. Мәдениет үйі.

**Сайлау учаскесі: №449**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Ахметжанова Айсулу Сакибайкызы, төраға орынбасары – Айбосынов Азамат Рахымберліұлы, хатшы – Сагынаева Гулмира Боранбайкызы, комиссия мүшелері – Егимбаева Мария Мураткызы, Оспанкулова Жанагуль Болатовна, Мажитова Аселим Мамыровна, Бекіш Берікбол Тілекұлы.

Сайлау учаскесінің орталығы: Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесі, 12. Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық).

**Сайлау учаскесі: №450**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Какабаев Мурат Елегенулы, төраға орынбасары – Айнабаева Гульжазира Серикбаевна, хатшы – Мурасова Гулшара Какимовна, комиссия мүшелері – Нургалиева Тилеужан Тилеубековна, Нурмаганбетов Алмас Канатулы, Сейлханова Айгуль Турусбеккызы, Толеугулова Саламат Серикказиевна.

Сайлау учаскесінің орталығы: Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесі, 6. Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі.

**Сайлау учаскесі: №451**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Шардарбеков Данияр Аскарулы, төраға орынбасары – Жанабеков Азамат Жанабекович, хатшы – Әлжанова Орынгүл Мәдениятқызы, комиссия мүшелері – Сейтжаппарова Гульмира Берикпаевна, Боранбаева Толкын Ахатовна.

Сайлау учаскесінің орталығы: Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Жастар көшесі, 5Б. Клуб үйі.

**Сайлау учаскесі: №452**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Садуакасова Манар Игисинкызы, төраға орынбасары – Саденов Канагат Кажымуканович, хатшы – Акбузауова Анар Жакановна, комиссия мүшелері – Касенбекова Нургул Ермеккызы, Темиргалиева Алтын Шынарбековна.

Сайлау учаскесінің орталығы: Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылы, Бәйтерек көшесі, 61. Клуб үйі.

**Сайлау учаскесі: №453**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Кейкибаева Нургайша Узакбайкызы, төраға орынбасары – Даданбаев Омиргалы Ыбыкенулы, хатшы – Рысмаганбетова Куаныш Арыстановна, комиссия мүшелері – Сейтжаппаров Омиргазы Берикбаевич, Ержанова Фарида Кенжеханкызы.

Сайлау учаскесінің орталығы: Жидебай ауылдық округі, Қарақой ауылы, Ғарышкерлер көшесі, 7. Қарақой бастауыш мектебі.

**Сайлау учаскесі: №454**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Иманбеков Курмет Сериктаевич, төраға орынбасары – Искаков Кажымурат Тишпекулы, хатшы – Батей Гулнар Амзебеккызы, комиссия мүшелері – Скаков Даулет Толеужанулы, Нұрғазы Алтынай Нұрғазықызы.

Сайлау учаскесінің орталығы: Жидебай ауылдық округі, Жалаңаш ауылы, Астана көшесі, 22А. Клуб үйі.

**Сайлау учаскесі: №459**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Абдыкаримова Дария Абылгазикызы, төраға орынбасары – Тусупбаев Даулет Канатулы, хатшы – Капасова Камшат Кайырберлыкызы, комиссия мүшелері – Жолдасбаева Жаннур Еркинкызы, Шакиров Магаз Сатыбалдинович.

Сайлау учаскесінің орталығы: Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, У.Жәнібеков көшесі, 11. Клуб үйі.

**Сайлау учаскесі: №471**

Сайлау комиссиясының құрамы: Төраға – Турсынбекова Шолпан Оразбековна, төраға орынбасары – Казиева Светлана Каримжановна, хатшы – Ногаева Толеубала Амандыковна, комиссия мүшелері – Ыбышев Мереке Куанышбекулы, Ахметханова Гульнур Карбозовна.

Сайлау учаскесінің орталығы: Кежек ауылдық округі, Ақши ауылы, Бейбітшілік көшесі, 11Б. Клуб үйі.

**Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.**

# Әдеп жөніндегі уәкіл – мемлекеттің сенімді өкілі

Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі, сыртқы келбеті мен әдеп нормалары маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік органдарда қызметтік әдеп нормаларын сақтау және мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы бұзудың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексін сақтауын қамтамасыз ететін, сондай-ақ, өзінің уәкілеті шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес беретін Әдеп жөніндегі уәкілдер қызмет атқарады.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шеңберінде мемлекетік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормалары сақталуына мониторинг жасау және бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Әдеп жөніндегі уәкілдер институтын нығайту, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің артуына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Әдеп жөніндегі уәкілдер қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, ұжымның моральдық-психологиялық жағдайына мониторинг жасау, артық жұмыс атқару фактілерінің алдын алу мақсатында мемлекеттік қызметшілерді қатыстыра отырып, анонимдік сауалнамалар өткізіп, нәтижесі бойынша жергілікті атқарушы мекемелердің басшыларына қажетті шаралар қабылдау жөнінде ұсынымдар жолдайды.

Өз кезегінде, Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызметшілер мен азаматтармен кездесулер, ұжымдарда семинар-дәрістер, жеке қабылдаулар өткізіп, туындаған сұрақтарына тиісті ақпарат беріп, кеңестерімен бөліседі.

Жалпы, Әдеп жөніндегі уәкіл қызметі – мемлекеттік қызметтің дамуына әсер ететін жауапкершілігі жоғары, жүгі ауыр қызмет. Әрбір әдеп жөніндегі уәкіл сеніп тапсырылған қызметті абыройлы орындауы қажет. Сонда ғана біз мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыра аламыз.

Осындай өзіне жүктелген қызметтерді өз деңгейінде атқара білген уәкіл мемлекеттік қызметшілердің беделінің артуына үлес қосары сөзсіз.

**К.Сергазина,**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы.**

# Мемлекеттік қызмет–жаңа кезеңдегі маңызды міндет

Еліміздегі мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениеті «Ең алдымен адамдар» қағидатына негізделеді. Мұндағы басымдықтардың бірі – мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу. Бүгінде Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті жаңғырту тапсырмасын жүзеге асыру аясында 4 заң қабылданып, бірқатар заңға тәуелді актілер дайындалды. Енді мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар күшейтіледі. Мемлекеттік қызметті заман талабына сай түбегейлі жаңғырту тек құқықтық-нормативтік құжаттарға өзгертулер енгізумен шектелмейді. Мұндағы басты міндеттің бірі – мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіру. Ол үшін мемлекеттік қызметшіге саналы тұрғыда өзгеріс қажет. Бұл ниет қалаулары мен ұстанымдық қағидаттарын өзгерту талабын тудырады. Алда осы арнадағы жұмысты жандандыруды көздеп отырмыз.

Мемлекеттік қызметте жұмыс істеу адамнан оны саналы тұрғыдан сезінуді, шын ынта-жігерін, ең бастысы, ниет тазалығын талап етеді. Ел игілігі үшін адал, риясыз қызмет ететін мемлекеттік қызметші нағыз азамат және Отанды сүюдің үлгісі болуға лайық. Ол саналы адам ретінде өз-өзіне «мен өз өмірімді, өзім өмір сүріп отырған қоғамды, мемлекетті жақсарту жолында не істедім?» деген сұрақ қояды. Мемлекеттік қызметшіге тұлғалық болмысын жетілдіру үшін өз-өзіне есеп беру және өзін-өзі тану мәдениетін дамыту маңызды. Бұл жауапкершілікті арттыруға негіз болып, жақсы жаққа өзгеруіне жол ашады. Есеп алу айна тәрізді өзіне сырт көзбен қарап көруге мүмкіндік тудырып, қателіктермен жұмыс істеуге ынталандырады. Мемлекеттік қызметші өзінің кәсіби білімімен пайда келтірумен ғана шектелмей, сонымен қатар адамшылық тұрғыдан басқалар бой түзейтін үлгіге айнала білуі керек.

Мемлекеттік қызметшілер Отанға қызмет ету мәдениетін дәйекті түрде игеріп, жүзеге асыруы қажет. Елге қызмет ету әркімнің өзіне жүктелген міндетті шынайы және адал орындауынан көрінеді. Мемлекеттік сана деңгейіне көтерілу, ұлттық мүдделерді сақтау үшін тек білімді және құзыретті болу жеткіліксіз. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан: «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген. Бұл жерде мінез деп адамның ішкі рухын, адамдардың игілігі үшін елге қызмет етсем деген жүрек қалауын айтып отыр. Шәкәрім айтқандай, халыққа еңбек қылу – адамдық борышың.

Мемлекет басшысы өз Үндеуінде: «Мемлекеттік қызметкерлер барынша жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз» дегенде осы адамдық борыштың өлшемі жайлы айтып отыр емес пе?

Ата-бабаларымыз ар-абыройды баға жетпес құндылыққа балаған. Хакім Абай: «Пайда ойлама, ар ойла» деп адам үшін ар-ұжданның бәрінен қымбат, бәрінен биік екенін айтып өткен. Ойшылдың осы сөзін әрбір мемлекеттік қызметші көкейіне құйып, өмірлік ұстанымға айналдыруы тиіс. Әр қызметші өз бойында жасаған іс-әрекеті үшін жауапты болуды жоғарғы мәдениет ретінде орнықтыруы керек.

Мемлекеттік қызметші жоғарыда айтылғандарды ескеріп, саналы өзгеріске бет бұрса, оның тұлғалық болмысының да уақыт талабына сай жаңа сипатта жаңғырары анық.

Саналы өзгеріс үшін біз бір нәрсені жақсы түсінуіміз керек. Ол – мемлекеттік қызметшілердің жоғары құндылықтарды ұстануы жазадан, сыннан немесе бақылаудан қорыққандықтан емес, өзінің ішкі ерік-жігерімен, ниет қалауымен орындалуы. Сонда ғана саналы өзгеріс іс жүзінде орын алмақ. Ал, саналы өзгеріс мемлекеттік қызметті сапалы жаңғыртудың негізі болмақ. Ең бастысы, бұл біздің жұмыс тәсіліміздің түбегейлі өзгеруіне жол ашады.

**П.Шарипова,**
**аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы – бас қазынашысы.**

# Қарағанды облысы, Актоғай ауданы, Сарышаған кентіндегі көшені қайта атау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Сарышаған кенті халқының пікірін ескере отырып және Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастикалық комиссиясының 2023 жылғы 19 шілдедегі қорытындысының негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы, Актоғай ауданы, Сарышаған кентіндегі Мектеп көшесі Таңыбай батыр көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сарышаған кентінің әкімі**
**А.Тоимбеков.**

*Тағзым*

# Рухани жетекшім

Аяқ астынан Қарекең телефон қоңырауын шалды. «Осылай да осылай... Келер жазда Жылтыркөлде жолығамыз. Қаланың шуынан мазаң кетіп жүрген болар. Мұнда тыныш, ауасы қандай таза. Екеуіміз табиғатқа шығамыз. Фотожурналист Серғазы бауырым балық аулаудың асай-мүсейін арқалап, көл жағасына кетіп бара жатушы еді ғой. Саған да қармақ ұстауды үйреткен болар, сенің аяулы іні, досың емес пе еді. Айналайынның маған да бөтендігі жоқ еді. Оны неге айтып отырмын? Балық аулауға барамыз, маған үйретесің, тынығамыз. Кем дегенде екеуіміз бір ай боламыз. Айтпақшы, біздің Шалқар баламыздың үйінің жанында бос жер жатыр. Қожайыны жоқ-ау деймін. Соны індетіп, заңдастырып аламыз. Біздің отаудың жанынан үй көтересің. Қалалықтардың елді мекендерде саяжайы, үйлері бар екен. Солай, Ореке!», – деп асқақтаған көңілін жүрек түкпірінен шығарып, шаттанып еді. Ұзақ сөйлестік.

Қашан да өзіме қамқор, сыртымнан тілеулес болып жүретін ежелгі дос Қараманның сөзі маған да ой тастады.

– Рас-ау, – деймін, – анда-санда табиғат құшағында жүргенге не жетсін?!.

Іле Қарекең тағы да қоңырау шалды.

– Жүрегіңе ота жасаттың, әлеуметтік желіден көзім шалып қалды. Қарағайлы орманның арасында серуендеу жүрекқан тамырлары сырқаты бар жандарға өте пайдалы екен. Мына төңіректе ондай орман жетеді. Келесің, сейіл құрамыз...

Жалған-ай! Ақпанның ақырған күні Астанаға суық хабар жетті. Сөйтіп, қапыда Қарекеңнен көз жазып қалдық. Мен ол кезде көзіме ота жасатып, аурухана төсегінде байланған едім...

* * * * *

Біз бір-біріміздің жан-дүниемізді өте жете түсіндік деп ойлаймын. Сәл-пәл қабағымдағы кірбіңді байқап қалса: «Дос, көңіл-күйің болмай тұрған секілді ғой...», – деп бірден байқайтын.

Қасиетті, алтын бесік Ақтоғайдың «Арқа еңбеккері» газетінде бірге тілшілік қызмет атқарып жүрдік. Ақсораң шыңының етегіндегі бүгінгі Шабанбай би ауылына біздің қарашаңыраққа жиі келіп тұратынбыз. Анам Сақан Қараманды құшақ жая қарсы алатын. Құрмет көрсететін. Қарекең үнемі атымды атамай, «Дос» дейтін. Осы сөзі маған әжептәуір кісілік, адамгершілік салмақ жүктейтін. Үнемі ізгілік тұрғыда адамдармен сыйласа білетін Қарекең мені де парасат биігіне жетелеп келген екен ғой. Оның «дос» деген аса мәнді сөзіне бұл тірлігімде жауап бере алдым ба, жоқ па, білмеймін. Анам жүретін әндетіп: «Досым-ау, айтшы, бұл қалай?». Радиодан естиді ғой осы әнді. «Досың неге келмеді? Досым-ау, айтшы бұл қалай?» – деп отыратын марқұм. Сақтағанынан ауыз тисін дегені болар. Қазіргі тілмен айтқанда, амал дос емес, адал дос болдық. Айналайын, Қарекем жетістігіме балаша қуанатын, ортамды толтырып отыратын. Қысылғанда ақыл-кеңесін, жәрдемін беретін рухани жетекшім еді.



Жер үй алдым. Көпқабатты үйден көшуге асықпадым. Асықпадым емес, жұмыстан мұршам келмеді. Ара-арасында хабарласады. «Көштің бе?», – дейді жер үйге. Бір күні тағы да қоңырау шалды: «Үйді көшіреміз, Дос, мына түріңмен жазды өткересің». Тұтқаны қоя салды. Түскі үзіліске келсем, Қарекең біздің есіктің алдына жүк көлігін тіреп қойыпты. Қасына ұлдарын ертіп алған... Бас-аяғы үш сағаттың ішінде көшіріп тастады. Жұмсақ жымиып, көңілдегі шаруасын тындырып, ұлдарын ертіп кетіп барады. Әлі көз алдымда... Қарекең жазған дүниелерінде кейіпкеріне сүйсініп, «өз биігіндегі адам» деп отыратын. Өзі де кісілік келбетіне қылау түсірмей, өз биігінде жүрді. Білімін, жан-дүниесін заман ағымына қарай үнемі жетілдіріп, рухани байытып отыратын. Кітапты көп оқитын. Қызметтес жас әріптестеріне: «Кітапханаға барыңдар, оқыңдар!» – деп отыратын. Қазақтың бүгінде белгілі ақыны Бағдат Мүбәрак: «Біз басқа кітап оқығымыз келіп жүрсе, Қараман аға кітапханаға жол сілтейтін осы тұс. Үлкенді, кішіні сыйлаудағы, ізет көрсетудегі ішкі мәдениеті ерекше сыпайылықпен ұштасып жататын. Жерлесіміз Абзал Бөкен екеуі әскери азаматтық борышын өтеуге бірге аттанды. Өмір жолы тоғысып, «Ленин жолы» газетінде қатар жүріп қызмет жасадық. Сол Әбекеңнің құрметіне бір ұлының атын Абзал қойды. Қарекең айтатын. «Міржақып бабам бүкіл қазақтың басын қосамын: «Оян, қазақ!» – деп жар салды. Мен балашағамды оята алмай жүрмін», – дейтін. Бірақ, мүмкіндігінше балаларының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, бабалар аманатына адал болуды міндеттеп кетті.

Мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ газетке жолдаған мақалаларының астына «Айтжанұлы» деп қол қойды. Бұл да тегін қасиет емес еді.

Құдалау көріп жүрген Балқаш қаласының әкімі, асыл ағамыз Қасымхан Қаскенұлы Ахметов қайтыс болғаннан кейін естелік кітап шығару ойыма келді. Қарекеңе айттым.

– Ізгі шаруа екен. Жігіттің төресі еді ғой ағамыз. Бүкіл ұлттық қасиетті құндылығымызды сол текті азаматтың бойынан көруші едім. Зұлымдықтың бір ұшқыны сені де шарпып өтпесін, байқашы, – деді.

– Шегіне алмаймын, Қареке. Басқа түскенді көрдік, – деймін.

– Шапағатын көргендер Қаскеңнің аты-жөнін атауға шошып жүр. Жүрек жұтқансың-ау, досым! – деді.

* * * * *

Сенсіз біржарым жыл өтіп барады. Жан-дүнием сені іздейді. Таба алмаймын, көре алмаймын. Жер басып жүрсең, 70 жастың иығына шығар едің-ау.

Ұрпағыңа баянды ғұмыр тілеймін, сен көрмеген қызықты аяулы жарың Күміске берсін. Мен сені ылғи да түсімде көремін, рухани жетекшім!..

**Оралбек ЖҮНІСҰЛЫ,**
**Қазақстанның**
**Құрметті журналисі.**

# ҚАРА НАРЫМ, ҚАРЕКЕМ!

***(Қабырғалы қаламгер, аға-дос Қараман Айтжановқа арналған ода)***

Маң-маң басқан, маң басқан,
Шудасынан жел ескен.
Тура жолдан танбастан,
Аярлықпен егескен.
Қиып түсер алдаспан,
Арда ағам емес пе ең.
Қара нарым, Қарекем!
Қара орман қорған ең,
Етегі мен жеңі бар.
Орта толар ордам ең.
Алқалаған елі бар,
Қара үзген жорғам ең.
Қаламының желі бар,
Қара нарым, Қарекем!
Көшкен жоқсың өмірден,
Артыңдағы із барда.
Өшкен жоқсың көңілден,
Ардақ тұтар біз барда.
Естелікпен өрілген,
Ғұмырың бар ізгі алда.
Қара нарым, Қарекем!
Кесек едің, ірі едің,
Тура жолдан танбаған.
Дала еді жүрегің,
Сыйып кетер бар ғалам.
Айыртастың ұлы едің,
Қия шыңда самғаған.
Қара нарым, Қарекем!
Жарың менен балаң бар,
Көрген ел бар көзіңді.
Қағаз бенен қалам бар,
Терген ел бар сөзіңді.
Аға, бауыр, жаран бар,
Пір тұтатын өзіңді.
Қара нарым, Қарекем!
Рухыңменен тілдесіп,
Жақындасып жатырмын.
Өлең жырмен үндесіп,
Бақұлдасып жатырмын.
Ит тірлікпен күн кешіп,
Тақымдасып жатырмын.
Қара нарым, Қарекем!
Қолыңдағы шырағың.
Мамық болсын, Қарекем,
Мәңгі мекен тұрағың.
Өлең болсын, Қарекем,
Бағыштаған Құраным!
Қара нарым, Қарекем!

**Мүсіркеп Сейдахмет,**
**ҚР Жазушылар одағының**
**мүшесі, Қазақстанның**
**Құрметті журналисі.**

*Дін – бірліктің діңгегі*

# Әлемнің діни бейнесін трансформациялау: зайырлылық призмасы арқылы мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды қажетті жаңғырту

Әлемдік философия тарихында, дінтануда ар-ождан бостандығы кең мағынада зерттелген мәселелердің біріне жатады. Бірақ, жас егемен мемлекеттің қалыптасып жетілуіне байланысты көпэтностыы, көпконфессиялы мемлекеттердің пайда болуында азаматтардың ар-ождан бостандықтарын қамтамасы

з ету өте маңызды факторға айналды. Осы мәселенің мысалы ретінде Еуропа елдерінде болған діни соғыстарды еске түсіруге болады.

Тарихи жағдайлардың әсерінен біздің Отанымыз Қазақстан да патшалық Ресей империясының отарлау саясатынан, Кеңес кезеңіндегі репрессиялардың әсерінен елімізге көптеген этностар қоныс аударып, көпэтносты мемлекетке айналдық. Ал, әртүрлі халықтардың дүниетанымы мен мәдениеттеріне байланысты қалыптасқан өзіндік наным-сенімдері бар. Осы наным-сенімдерін сақтау, оны жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету әрбір өзін демократиялықпын деп есептейтін мемлекеттің басты міндеті. Осы тұрғыдан алғанда ар-ождан бостандығын жүзеге асырудың діитанулық негіздеріне сараптама жасап, оны философиялық рефлексиядан өткізіп, мемлекеттің дін саласында осы құндылықтардың қалай жүзеге асырылғанын айқара ашу диссертациялық жұмыстың басты міндеттерінің бірі.

«Еркіндік» және «ар-ождан» ұғымдарының өзіндік мазмұны бар: философиялық әдебиетте, әдетте, еркіндік дегеніміз – адамның сыртқы мәжбүрлеу немесе шектеу себебінен емес, өз еркі мен мақсаттарына сәйкес әрекет ету қабілеті; ар-ождан мазмұнында жеке тұлғаның өзінің және басқа әрекеттерінің сипатын, мазмұны мен салдарын ішкі моральдық бағалауды құрайды [4]. Дін философтары ар-ожданды адам табиғатының құдайи шығу тегімен байланыстырады. И.А.Ильиннің пайымдауынша, «адамға Құдай және табиғат арқылы белгілі бір инстинктиві сезім объективті жағынан жақсы келеді, ал баланы тәрбиелеу өмір бойына осы инстинктивті сезімді ояту және күшейту дегенді білдіреді» [4] – деп түсіндірген.

Бұл түсініктің басқа да Еуропа елдеріндегі конфессияларында да бар, шет тілдерінде тікелей аналогы жоқ, ал орыс тіліндегі «ар-ождан» сөзі діни философиялық тұрғыдан әртүрлі жылдардағы сөздіктерде түсіну, игеру, білім, ішкі сезім, адамның жан-дүниесіндегі Құдайдың дауысы ретінде анықталған. Еліміздегі көп конфессиялардың бірі православиеде «ар-ождан» ұғымы жаңа заңға енген адамның бүкіл ішкі диспенсациясын анықтайтын рухани заң ретінде қолданылады. Ар-ождан моральдық пайымдаудың нақты қабілеті ретінде де анықталуы мүмкін, оның көмегімен адам әр жағдайда не істеу керектігін және қалай әрекет ету керектігін анықтайды. Ал, исламдық өркениетке негізделген қазақ мәдениеті мен философиясында ар-ождан 13 түсінігінің мәні мен мазмұны ұлттық кәсіби философияның негізін қалаушы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» еңбегінде айқара ашылған [5]. Философиядағы материалистік бағыт позициясын талдап, сынай отырып, Шәкәрім мынаған келіп тірелетін ислам философиясының негізгі ережелерін қорғап, жария етті:

1) Дүниедегі нәрсенің себепті негіздері – танымның өлшеусіздігінде, Жаратушының құдіреттілігі мен шеберлігінде;

2) жан мәңгі және бастапқы кезден-ақ өмір сүреді және айналымның әрбір кезекті процесінде ол жаңа сапалы биіктікке көтеріледі;

3) жанның ажырамас қасиеті – ар-ождан. Ар-ождан адам жанын жоғары деңгейге көтереді және бұл өмірде де, жанның о дүниедегі өмірінде де оған қажет.

Осының бәрін жинақтағанда, бұл үш ережені қадағалау – адамның жоғары дәрежедегі көтерілуінің ақиқат жолы. Шәкәрімге жүгінсек, әрбір адам жанның өлімнен кейінгі өміріне және ар-ожданның оның ең басты қажеттілігі екендігіне сенгенде, оның жүрегі ешқашан қатуланбайды, ол жалғыз ғана дұрыс өмірлік жолға түседі. Шәкәрімнің өз ұрпақтарына қалдырған ұлы өсиеті осындай.

Ол адам болмысының мәні мен мағынасы мәселелерін тереңінен зерттеді, ар-ождан туралы ілімді қалыптастырды. «Ынсап», «рақым», «мейірім», «адал еңбек», «таза жүрек», «адамшылық», «ар», «ұят», «сабыр», «ұждан» сияқты этикалық категориялар оның философиялық-этикалық көзқарастарының өзегін құрайды.

Ойшыл адамдарды өз жандарын әділетті, ар-ұятты өмір сүру арқылы оятуға шақырды. Ождан адамның іс-әрекетін қадағалайды, оның өмірін жауапкершілікті және парасатты етеді. Шәкәрім былай деп жазды: «Адам, нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда мұсылманша ұждан, орысша совесть бар... Меніңше, совесть – жанның тілегі... Жан екі өмірде де азығы – ождан, совесть деумен еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті, бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі үш анық дегенім осы [5, 34-б.].

Шәкәрімнің дүниетанымы – бұл болмыстың мәңгі сұрақтарын жүйелі және қайшылықсыз пайымдаудың үлгісі. Ойшыл үшін жан мен ождан мәселесі философиялық рефлексияның дерексіз мәселесі емес, адамдардың өмір қамының өзі үшін қажетті, шешілуі әбден мүмкін дилемма. Философты терең толғандырған өмірдің мәні, жанның мәңгілігі мәселелері оның шығармашылығының негізін құрайды, ал оларға жауапты ойшыл тұтастай дүниетаным тұрғысынан беруге тырысты.

Шәкәрім дәл осы үйлесімді және бүтін дүниетаным шеңберінде адам өміріне жоғары парасат берудің мүмкіндігіне шек келтірмеді. Дәл осындай дүниетаным бұл ойшылдың өзіне де тән болғандықтан, ол адамның рухани және адамгершілік кемелденуінсіз бұл әлемде кез келген іс-әрекет өз мән-мағынасын жоғалтатынына сенімді болды. «Егер қайырымдылық пен әділеттілікке деген ұмтылыс адам жанында басым болмаса, онда тіршілік өмір сүрудің қажетті шарты болып табылатын сапалық жағы жоғалады», – деп пайымдады қазақ ойшылы.

Зерттеушілердің дұрыс аңғарғанындай, «Шәкәрім Құдайбердіұлы батыстық өркениеттің қарқынды дамуы барысында қалыптасқан рухани және мәдени вакуумды терең сезінген ойшылдардың қатарына жатады, сондықтан да, ол ойшыл және ақын ретінде адамзат бақыты мен игілігін іздеудің қалыптасып үлгірген шығыстық дәстүрін жалғастырды» [6].

Шәкәрімнің Шығысты қабылдауы Шығыстың өзінің күрделі бет-бейнесіне орай, көп деңгейлі және көпқырлы болып келеді. Ол да Абай сияқты, өз шығармашылығының бастапқы кезеңінде шығыстық әсем поэзиялық дәстүрге шығармашылық шабыттың қайнар көзі ретінде ден қойды. Одан ары, ағартушылық дәстүрге ере отырып, ойшыл енді өзге мәдениеттерді игеруге шақырумен тоқталып қалмай, өзіндік өзегін Шығыс құрайтын нұрлы әлемге терең, философиялық тұрғыдан «бойлауды» насихаттады [7, 220-б.]. Шығыстың арқасында Шәкәрім Шығыстың терең дүниетанымдық парасат аясында және ең жоғарғы мағынада ұстазға айналды. Бұл оған шығыстың руханилықтың дәстүріндегі поэзиялық мәдениетін, өзінің жеке философиялық тұжырымдамасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Е.Қапас,**
**Ақтоғай аудандық орталық мешіттің бас имамы.**

## Хабарландыру

«Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ БСН 110740002251, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 маусымдағы №25/06 қаулысына байланысты таратылатынын хабарлайды.

**«Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ.**

## Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты жар, асқар таудай әкеміз **Тілеухан Төлеубековтің** дүниеден қайтқанына биыл 15 жыл болады. Әкеміз тірі болғанда 74 жасқа келер еді. Жанына әрқашанда адалдықты ту еткен, тура мінезді, адамгершілікті жоғары қоя білетін азамат еді. Қанша жылдар өтсе де аласармайтын, жыл өткен сайын биіктей беретін, асыл да ардақты әкеміз өмірден өтсе де, рухы мәңгі бізбен жасай бермек. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, жан әке!

Ақ пейіл өзіңізге деген адал жүрек,
Рухыңыз қолдай жүрсін желеп-жебеп.
Өзіңді сағынышпен еске аламыз,
Құран оқып, қол жайып, дұға тілеп.

**Еске алушылар: жұбайы – Күләй, балалары – Назым, Самал, Нұрым, Сағым, Алтынай, немерелері – Ақнұр, Мансұр.**

## Жарамсыз деп танылсын

Нұркен ауылдық округінің тұрғыны, «Сәбен» шаруа қожалығының жетекшісі Сағындық Серікжан ЖСН 940408301280 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 180 ФKZ» маркалы, (версия 180 RV 1-1 hex 20-704) заводтық нөмірі 000010155582, шыққан жылы 2012 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

22 ақпан 2023 жылы Токеев Аман қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел.: 8 705 832 83 06.

Ақтоғай ауданының білім бөлімі Ә.Болғанбайұлы атындағы негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Ебілхан Меңдігүлдің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ ұжымы мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Сатмағанбетова Жанарға әкесі **Құлпейісұлы Аманжолдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# Ардагер

Болмысы, бітімі де қарапайым,
Осы жұрт біле ме екен Тұңғышбайын?
"Мәдениет саласының үздігі",
Ардагер азаматын Ақтоғайдың.
Жүздесуді қалайда қаласаңдар,
Іздемеңдер көпшілік арасынан.
Қандай да бір іс-шара өтіп жатса,
Сол жиынның төрінен табасыңдар.
Жазылса да қатал тағдыр маңдайына туғаннан,
Жас шыбықтай жел шайқаған,
майысса да сынбаған.
Мектепті де, оқу орнын сырттай ғана
тәмамдап,
Күш-жігерін төзіммен шыңдаған.
Анасынан барлы-жоғы Тұңғыш деген ат алып,
Достары үшін туғаннан-ақ "заочник" атанып.
Тауқыметте жүрген шақта,
Торғайымен қауышты,
Жамбыл (Чапай, Калининдей
көсемдерден) бата алып.
Қол ұстасып, "құбыланы" бетке алып шарлады,
Көздеріне іліккенді мүлт жібермей қармады.
Жылдар өте Ақтоғайдың ошақтарын мәдени,
Мұрағаттар мекеніне айналдырды арналы.
Көшін бастап өнерлі ақтоғайлық жастардың,
Тойлап жатқан Жеңістің 30 жылдық асқарын.
Мәскеуаның төрі болып саналатын тұғыры,
Думандатып оралған-ды ВДНХ аспанын.
Сәтті болып жасаған шетелдерге сапары,
Әйгіленді "Тоқырауын толқынының" атағы.
Сол ұжымға сіңірген еңбегінің өлшемі,
Алғысы мен халқының иығына жапқан
шапаны.
Торғайымен бірлесіп жинақтаған томдардан,
Ақтоғайдың шежіресі – бас кітабын сомдаған.
Өткен шаққа өшпес мұра қалдырған,
Мәшекеңнің сарқытындай көрінеді ол маған.
Келе жатқан ежелден көзден қалыс сақталып,
Ақтоғайдың тарих толы тас сандығын ақтарып.
Ұсынған-ды жиып-терген бейнетінің зейнетін,
Халқымызға перзенттік бір парызын атқарып.
Сталиндік зобалаңның, репрессия құрбаны,
Ұлтымыздың мақтанышы – Әлихандай
тұлғаның,
Өмір жолын кинофильм тілімен көркемдеп,
Ақтаңдақтан арылтып, кеңістікке шығарды.
Кеше тағы кіндік кескен, туып-өскен мекені,
"Қараталдың" рухани шаңырағын көтерді.
Дәлелдеді әулетінің ғана емес, өзінің,
Ақтоғайлық атажұрттың ортақ ұлы екенін.
Зая кетпес еңбектерін есесімен ақталар,
Ең бастысы, ұрпақтарың есімiңмен мақтанар.
Ескерткішің атын қашап, аға ұрпаққа
тұрғызған,
Өзің ашқан тас кітаптың парағы боп сақталар.
"Тас сандықты – бас кітапты" ашып қара,
жерлесім,
Басып қара, сырға толы парақтарын, пернесін.
"Ақтоғайдың құрметтісі" атанғандар ішінен,
Таба алар ма екенсің Тұңғышбайдың теңдесін?!
Бағалай білсек, қанеки, қатар жүрген тұлғаның,
Адамдық болмыс-бітімін, азаматтық
қырларын.
Артық та болмас еді-ау ат мінгізсек, әспеттеп,
Айшықтап ерін күміспен, алтынмен аптап
тұрманын.

**Ермекбай Жолдыбеков.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тасарал соль» ЖШС 2023 жылғы 30 тамыз бен 13 қыркүйек аралығында Бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Ексор ас тұзы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою жоспары (түзету)» жобасы бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Тасарал соль» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылы, Орталық көш., 13 үй. БСН: 171040010845. «Тасарал соль» ЖШС директоры: Жолдыбаев Д.Н. Байланыстар: тел. 8 (702) 846-61-41, e-mail: tasaral.salt@gmail.com.

Әзірлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көш., 14Б. БСН: 150640024474. Өкілі: Матвеева О.В. Байланыстар: тел. 8 (747) 162-04-65, e-mail: olga_m_2008@inbox.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен 2023 жылғы 30 тамыздан бастап және 10 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жоспарланған қызмет бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефоны, e-mail: olga_m_2008@inbox.ru арқылы алуға болады.

---

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тасарал соль» сообщает, что с 30 августа по 13 сентября 2023 года на Едином экологическом портале (https://ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «План ликвидации последствий проведения операций по недропользованию на месторождении поваренной соли Ексор в Актогайском районе Карагандинской области (корректировка)».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тасарал соль», РК, Карагандинская область, Актогайский район, село Тасарал, ул.Орталык, д.13. БИН: 171040010845. Директор ТОО «Тасарал соль»: Жолдыбаев Д.Н. Контакты: тел. 8 (702) 846-61-41, e-mail: tasaral.salt@gmail.com.

Разработчик: ТОО «Сарыарка экология», г.Караганда, район им. Қазыбек би, ул. Әлиханова, 14Б. БИН: 150640024474. Представитель: Матвеева О.В. Контакты: тел. 8 (747) 162-04-65, e-mail: olga_m_2008@inbox.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (https://ecoportal.kz) в разделе «Опубликованные публичные обсуждения» для предоставления замечаний и предложений, с 30 августа 2023 года и в течение 10 рабочих дней.

Дополнительную информацию по намечаемой деятельности можно получить по тел.: 8 (747) 162-04-65, e-mail: olga_m_2008@ inbox.ru.

# Құттықтаймыз!



**Құрметті Бимурзин Рүстембек Мақсұтбекұлы!**

Сізді келіп жеткен асқаралы 60 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Алпыс атты асуға қадам басқан құрметті әріптесімізге қажырлы қайрат, зор денсаулық, отбасына амандық тілейміз. Балашағаларыңыздың қызығын қызықтап, немерелеріңіздің қуаныштарына шаттанып, шөбере көруді Алла нәсіп етсін. Қосағыңызбен қоса ағарып, ағайын-туыс, достарыңыздың ізеті мен құрметіне бөленіп, ұзақ өмір сүре беруіңізге тілектеспіз.

Алпыс деген асқар шыңы азаматтың,
Кемел белге шығатын парасаттың.
Бойда жігер толысып осы шақта,
Шабысыңдай үдесін қазанаттың.

**Ақ тілекпен: интернат ұжымы.**

# Құттықтаймыз!



Құрметті ағамыз
**Бимурзин Рүстембек Мақсұтбекұлы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Сізге шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, жемісті еңбек тілейміз. Шаңырағыңызда шаттық пен қуаныш көп болсын, бала-шаға, немерелеріңіздің қызығына тоймай, өмірдің биік шыңдарынан сүрінбей өте беріңіз!

Асыл тілек айтылады ақ ниеттен,
Бақытты күн көрінсін көкжиектен.
Қуаныш тойға ұлассын дей отырып,
Құттықтаймыз біз сізді шын жүректен.

**Игі тілекпен: Арыстан-Бақыт, Марғұлан-Сәуле, Абылай-Гаухар, Медина, Осман, Сабина.**

## Құрметті аудан тұғындары!

*«Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ-де 01.08.2023 жылдан бастап, «Жақсылық жаса!» атты ұранмен «Мектепке жол» жалпыреспубликалық акциясы басталды. Бұл – жаңа оқу жылына дайындалуға мұқтаж балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған маңызды бастама. Осы шараның өтуіне кеудесінде жанашырлық сәулесі ұялаған азаматтар ретінде ауданымыздың барлық азаматтарын, бизнес өкілдерін, кәсіпкерлер мен меценаттарды мүмкіндігінше осы акцияға қатысуға және балаларға көмек көрсетуге азаматтық белсенділік танытуға шақырамыз. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік осал отбасылардағы балаларға атаулы көмек көрсетуге, әрбір оқушыға арналған заттар мен оқу құралдарын сатып алуға болады. «Мектепке жол» акциясына қатысу үшін мәліметтерді мектептен алуға болады.*

**Қамқоршылық кеңесі ұжымы.**


**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА
**Редактор:** Г.Елеусизова
**Меншік иесі:** ''Ақтоғай ажары''газеті редакциясы ЖШС
**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)
Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы: Думан Қабыл**
**Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй
Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 820 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
**Телефондар:** редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39





Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru
Газетке А4 форматы 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.